

"Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру өтеулерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 15 шілдедегі N 324 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 23 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1927. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2005 жылғы 12 наурыздағы N 78 Бұйрығымен (V053497)

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру өтеулерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

20-тармақ көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру өтеулерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағида мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Түзеу мекемелеріне қаражаттарды депозиттік шоттан ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттардың ағымдағы шотына аударуға р ұ қ с а т е т і л е д і .

Депозиттік шоттан қаражаттарды ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттардың ағымдағы шотына аудару үшін түзеу мекемелері сотталғандардың өтініштерінің негізінде ақшаны депозиттік шоттан аударуға төлем ведомостерін толтырады және оларды қазынашылықтың аумақтық органдарына береді.";

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Премьер-Министрдің орынбасары -
Қаржы министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК